

**Павлодар қалалық мәслихатының 2023 жылғы 13 қазандағы "Павлодар қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" № 65/8 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2025 жылғы 22 қазандағы № 269/31 шешімі. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2026 жылғы 9 сәуірдегі № 314/41 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 09.04.2026 № 314/41 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Павлодар қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Павлодар қалалық мәслихатының "Павлодар қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" 2023 жылғы 13 қазандағы № 65/8 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 7406-14 болып тіркелді) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Павлодар қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгідеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларында:

бесінші абзацының 8-тармағының 2) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын  
:

"2) біржолғы әлеуметтік көмек:

Қағиданың 12-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген құжатты қоса бере отырып, өтініш негізінде санаторлық-курорттық емделуге 55 (елу бес) АЕК мөлшерінде үшінші абзацының 7-тармағы 8) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін;"

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Павлодар қалалық мәслихатының төрағасы*

*Қ. Кожин*